

ОӘК 376017

## **ТАШКЕНТТЕ ЖАРЫҚ КӨРГЕН АЛАШ БАСЫЛЫМДАРЫНЫҢ ТАРИХЫ**

**Теміртас Гүлсезім Әділбекқызы**

[gul\\_96t@mail.ru](mailto:gul_96t@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия университетінің 2-курс магистранты, Нұр-Сұлтан,  
Қазақстан  
Ғылыми жетекші – Қ.Кемеңгер

XX ғасырдың 20-жылдарындағы қазақ баспасөзінде ерекше орын алатын басылымдар – «Ақ жол» газеті мен «Шолпан» журналы. Қос басылым сол кездегі мәдениеттің орталығы Ташкентте жарық көрді. Бұның тарихи және саяси себептері болды. Алдымен бұл кезеңде Ташкент шаһары ұлт зиялыларының бас қосқан рухани ордасы ретінде танылды. Бұнда ғылым мен білім, мәдениет пен әдебиет, өнерді өркендету бағытында жұмыстар атқарылды. Оның көрінісі Ташкенттегі педагогикалық жоғары оқу орнын ашылуы еді. Бұл – алаш тарихындағы айрықша күн. Нақты деректерге сүйенсек, «1919 ТұрАКСР-ның Халық Ағарту комиссариатының шешімімен Ташкенттегі орыс педагогикалық училищесінде қазақ бөлімі ретінде ашылады. Сол жылы 1 маусымда Қазақ бөлімі жеке дара училище болып құрылады. 1920 жылы аталған оқу орны Өлкелік Ағарту институты (КАЗИНПРОС) болып, қайтадан ашылады» [1, 192]. Бұл бағытта ұлт ардақтылары Халел Досмұхамедұлы, Сұлтанбек Қожанұлы, Иса Токтыбаев, Санжар Асфендияров, Қошке Кемеңгерұлы, Мұхтар Әуезұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Абдолла Байтасұлы сынды зиялы азаматтар Ташкентте шоғырланып, оқу-ағартушылық жұмыстармен қызу айналысады.

1926 жылы 29 қазанда Ташкенттегі педагогикалық институттың ашылу салтанатында сол кездегі Қазақ АССР Халық Ағарту комиссары, қазіргі тілмен айтсақ Білім және ғылым министрі С.Садуақасұлы баяндама жасап, болашақ әрбір тарихшы ғалым оқулық жазу барысында бұл оқиғаға жеке тарау арнауы міндетті деп көрсетеді.

Сонымен қатар оқу орнының мақсаттарын айқындап, болашақ мамандарға ұлт игілігіне қызмет ететін білікті кәсіп иесі болуын міндеттейді.

Ал Алаш арысы Халел Досмұхамедұлы жас талапкерлеге ыстық тілегін, үкілі үмітін өлең жолдарымен жеткізген:

#### «ҰРПАҚҚА ТІЛЕК

(Қазақ-қырғыз институтын бітіріп шыққандарға)

Түркістанның сәні бол,

Жұрт алдында әні бол.

Надандарға молда бол,

Елің үшін жолда бол.

Нашарларға қорған бол,

Әділдікке құрбан бол.

Адасқанға басшы бол,

Жақсылыққа қосшы бол...

Дұрыстықта біреу бол,,

Кейінгілерге үлгі бол.

ХАЛЕЛ («Ақ жол», №1924, 403, 11 ақпан.)» [2, 14].

Ташкенттегі педагогикалық институттың ашылуы, қаланың ірі саяси-мәдени орталық ретінде танылуы ұлттық баспасөздің жандануына ықпал етті. Бұл ретте ұлттық ұстанымды алға тартқан – «Ақ жол» туралы айтқан дұрыс. Тарихи деректерде «Ақ жол» газеті Ташкент қаласында 1920-1925 жылдар аралығында жарық көргені туралы баяндалады: «Түркістандағы ұлттық элитаның бастамашылығымен 1920-25 жж. ТКП ОК және Түркаткомының баспасөз органы ретінде жарық көрген «Ақ жол» газетінде С.Қожанұлы, С.Оспанұлы, Н.Төреқұл, С.Асфендиярұлы, М.Дулатұлы, И.Тоқтыбайұлы, Қ.Күлетұлы, М.Қайыпназарұлы, С.Сәдуақасұлы, Ж.Арыстанұлы, Ө.Тұрманжанұлы сияқты азаматтар бірі басшы, бірі қосшы болып, басшылық жасады. Бұл аталған азаматтардың бәрі дерлік алаштық идеяның туын көтерген ұлт зиялыларының көрнекті өкілдері болатын» [3, 390]. Бұл қайраткер тұлғалардың ұлттық бірлікті көксеген ұстанымдары, төл руханиятымыздан басталатын заманауи дамыған көзқарастары газеттің бағыт-бағдарын толық айқындады. Сонымен қатар, алаш қалам қайраткерлері А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабайұлы, Қ.Кемеңгерұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Әуезұлы, А.Байтасұлының газеттің белсенді авторы ретінде көрінуі «Ақ жолдың» ұлттық негізі берік болғанын көрсетеді.

Газет мазмұны мынадай тақырыптарға жіктеледі: 1. Басқармадан. 2. Сыртқы хабарлар. 3. Ішкі хабарлар. 4. Бұйрық-жарлықтар. 5. Әйел теңдігі. 6. Жастар арасында. 7. Ресми бөлім. 8. Елден. 9. Баспашылар тарихы. Газет беттерінде қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, әлеуметтік-саяси мәселелермен қатар, мәдениет пен әдебиет жаңалықтары да жарияланып отырған.

1922-1923 жылдар аралығында Ташкентте жарыққа шығып отырған «Шолпан» журналы шаруашылық, партия тіршілігі, білім, әдебиет, бұйрық, жарлықтар деген бөлімдерден құрылып, халықты қоғамдық маңызы бар жаңалықтармен хабардар етті. «Шолпан» тарихы туралы ғалым С.Смағұлованың «Қазақ мерзімді баспасөзі: шығу тарихы мен деректік маңызы» еңбегінде баяндалады: «1922 ж. қазан айынан бастап Түркістан Автономиялық Республикасы Орталық атқару Комитетінің білім, әдебиет, шаруашылық, саяси журналы ретінде Ташкентте «Шолпан» журналы жарық көріп, оқу, ағарту, бала тәрбиесі, өнер-білім мәселесін жариялап тұруды мақсат тұтты» [4, 85].

«Шолпанның» ғұмыры қысқа болса да, ұлт руханиятының гүлденуіне ықпал етті. Айталық, ХХ ғасырдың 20-жылдары қазақ қаламгерлері қаламынан туған қазақ әдебиетінің жауһарлары болып саналатын көптеген үздік шығармалар алғаш рет «Шолпанда» жарық көрді. Бұл турасында журналды жинақтап, баспаға әзірлеген Х.

Есенқарақызы: ««Шолпан» журналы өзінің қысқа ғұмырында қазақ поэзиясының жанашыры бола білді» [5, 13] - деп лайықты бағасын береді.

«Шолпанның» тұрақты авторлары ретінде танылып, журнал беттерінде әдеби мұралар, шығармалар жариялау, әдебиет туралы пікір білдірумен белсенді түрде айналысқан тұғырлы тұлғалар қатарында Ә.Диваев, Ғ.Балақадырұлы, С.Сейфуллин, М.Әуезұлы, М.Жұмабайұлы, Ш.Құдайбердіұлы, Б.Серкебаев, М.Дулатұлы, Ғ.Байтасұлы бар.

«Ақ жол» мен «Шолпанның» қазақ руханиятына қосқан үлесі туралы айтқанда, басылымдардың қазақ әдебиетінің дамуына ықпал еткенін айтамыз. Себебі бұған дейін қалам ұстаған ақын-жазушылардың әдеби мұрасы да, әдеби сынның алғашқы классикалық үлгілері де негізінен «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті сынды жалпыұлттық басылымдарда жарық көрсе, 20-жылдардан бастап «Ақ жол» газеті мен «Шолпан» журналы әдебиет пен мәдениетті өрлетуге атсалысты.

Бұл кезеңде жазылған прозалық, поэзиялық туындылар мен әдеби сын мақалалар төл әдебиетіміздің жетістігін, қаламгерлердің терең білімі мен озық тәжірибесін көрсетті. Проза жанрының биік деңгейге жеткенін, еуропалық классиктермен тең келетінін танытатын шығармалардың бірі – «Шолпанның» 1923 жылы қаңтар-ақпанындағы 4-5-інші санында жарық көрген Мағжан Жұмабайұлының «Шолпанның күнәсі» әңгімесі.

«Шолпанда» қазақ поэзиясының баға жетпес асыл қазыналары Шәкәрімнің «Ләйлі-Мәжнүн» (1922 жыл, қазан, 1-інші саны), Мағжан Жұмабайұлының «Қорқыт» (1922 жыл, қазан, 1-інші саны), «Батыр Баян» (1923 жыл, қаңтар-ақпан, 4-5-інші саны), Міржақып Дулатұлының «Бүркіт кегі» (1923 жыл, 30 июнь 6-7-8-інші саны) жарық көрді.

XX ғасырдың 20-жылдары проза мен поэзия жанрының ілгерілеуіне байланысты қазақ әдеби сыны да қалыптаса бастады. Ұлттық баспасөз беттерінде қаламгерлердің алғашқы сын мақалалары жарыққа шықты. Қазақ әдебиетінде тұңғыш сынға ұшыраған шығармалардың бірі – Сәкен Сейфуллиннің «Қызыл сұңқарлар» пьесасы. Ол туралы сын мақаланың авторы «Қоңыр» деген бүркеншік атпен «Шолпан» журналының 1922 жылдың қазанындағы 1-інші санында сын мақала жазған Мұхтар Әуезұлы болды.

«Шолпан» авторларының қатарында есімі көпшілік беймәлім тұлғалар да бар. Мәселен, «Еңбек мектебі» мақаласының авторы Абдолла Байтасұлы мен Ыбырай Алтынсарин туралы көлемді мақала жазған Бекмұхаммед Серкебаевты атауға болады.

«Ақ жол» нөмірлерінде 20-жылдары ақындық қуаты дараланған қос талант Мағжан Жұмабайұлы мен Бернияз Күлеевтің нәзік иірімді, терең сырға толы туындылары жарияланды.

Бұл жылдары «Ақ жол» беттерінде сын мақала жазып, кәсіби сыншы ретінде шындалған тұлға – Мағжан Жұмабайұлы. 1923 жылы «Ақ жолдың» №277 санында Мағжан Жұмабайұлы қыршыннан қиылған жас ақын Бернияз рухына арнап «Бернияз Күлеев» атты мақалысын жариялады. Бұнда сыншы ақын Берниязды әдебиетке жаңа екпін берген тұлға деп бағалап, шығармашылығына тоқталады. «...Әсіресе 20 жасында-ақ қайтқан Бернияздың өмірінен үлгі іздеу қиынсыз. Оның ел алдында аз ба, көп пе бағасы болса, оған бұл бағаны беруші оның өзі емес, сөзі» [5, 69]. Жиырма жасында өмірден озған Бернияздың өмірі көпке үлгі болмаса да, оның сөзі халқының тарапынан лайықты баға алуы тиіс деп тұжырымдайды. Заман ағымы мен шығармашылық процестің арасындағы байланысты ескере отырып, сыншы Бернияз ғұмыр кешкен заманға мән береді: «Бернияз төңкеріс кезінде туған ақын болса да, төңкеріс туғызған ақын емес» [5, 69] -, дейді. Алайда, Бернияздың шығармалары әлеумет арасында лайықты баға алмай жүргеніне күйінішпен қарайды. Ақынның суреткерлік қырына былайша тоқталады: «..Бұл өлеңдерінде, әсіресе поэмасында Бернияздың бұрынғысынан да бірталай ілгері кеткендігі, ой қиялының тереңдегендігі, әсіресе сөзге шеберленгендігі көрініп-ақ қалып еді» [5, 70]. Сөз соңында әдебиеттің берік бағанасы болуға лайық жас ақынның ерте үзілгеніне өкінішін білдіреді.

Мағжанның Бернияз шығармашылығы мен азаматтық тұлғасына тегін қошемет жасамаған. Себебі Бернияз дарынды ақын болуымен қатар, қазақ руханиятының жанашыры да болған. Бұның дәлелі, оның «Ақ жол» беттерінде «Абай кітабы басылатын болды» деген атпен жарыққа шыққан мақаласы. Автор мақаласында Абайдың шығармалары жинақталған кітапты шығару жұмыстарымен айналысып жатқанын баян етеді.

Әдеби сынға араласып әдебиет жөнінде тұшымды ой пікір білдірген – жазушы, әдебиет зерттеушісі Мұхтар Әуезұлы еді. Қаламгер 20-жылдары «Шолпан» пен «Ақ жолдың» жиі басылатын авторы болып, әдеби туындыларға баға беріп отырды.

1923 жылы оның ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 50-жылдығына арнайы жазылған «Ақаңның 50 жылдық тойы» (юбилейі) атты мақаласы «Ақ жолда» жарық көрді. Мақалада М.Әуезұлы: «Ахмет Байтұрсынұлы – оқыған азаматтың тұңғышы, алғашқы шыққан көсемі»[6, 351] - деп баға береді. Сөз басында қайраткердің ағартушылық еңбегіне назар аударады. Қазақ ұлтының келешегі үшін атқарылған істерін үлгі ете отырып: «Істеген ісімен өзіне орнатқан ескерткіші, мәңгілік ескерткіш»[6, 352] ,- дейді. Әсіресе, ұлт ұстазы басқарған «Қазақ» газетінің халыққа тиген шапағатына айрықша тоқталады. Бұл Ахмет Байтұрсынұлының қайраткерлік қырын оқырманға терең тануына ықпал етеді. «Қазақтың еңкейген кәрі, еңбектеген жасына түгелімен ой түсіріп, өлім ұйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп, күзгі таңның салқын желіндей, жер ширықтырған, етек жеңін жиғызған «Қазақ» газеті болатын»[6, 352]. Халық санасын оятқан «Қазақтың» жаны – Ақаң еді деп пайымдайды автор.

Газетте басылған әдеби шығармалар сол кезеңдегі әдеби процестің дамуын, ақын-жазушылардың шығармашылық деңгейін көрсетеді. Бұл орайда, әдебиетке лайықты баға берген әдеби сынның рөлі айрықша зор.

Қорытындылай келгенде, XX ғасырдың 20-жылдары ұлт баспасөзі тың серпінмен дамыды. «Ақ жол» газеті мен «Шолпан» журналы саяси-әлеуметтік жаңалықтардың жаршысы болып қана қоймай, руханият саласының өзекті мәселелерін де басты назарға алды.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. «Алаш мұраты және Тәуелсіз Қазақстан». Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Астана, 2011. - 311 б.
2. Тұғыры биік тұлға: (Халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, ғалым, жаратылыстанушы, дәрігер Халел Досмұхамедұлына арналады). – Алматы, 2008. – 280 б.
3. Движение Алаш: Сборник материалов судебных процессов над алашевцами. Т.3. – Алматы: Дегдар, 2016. – 408 с.
4. Смағұлова С. Қазақ мерзімді баспасөзі: шығу тарихы мен деректік маңызы (XX ғ. 20-30 ж.ж). – Алматы: Елтаным, 2011. – 428 б.
5. «Ақ жол». Т.10. Құраст., Х.Есенқарақызы. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2015. – 379 б.
6. «Ақ жол». Т.9. Құраст., Х.Есенқарақызы. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2015. – 379 б.